
ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(15)2026



УДК 069:930.25

ҚР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР: ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ДЕРЕКТІК МҰРА

Ж.А. Орынбекова
ҚР Ұлттық орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдарды тарихи дереккөз ретінде пайдалану зерттеліп отырған кезеңді тереңірек тануға мүмкіндік береді. Жазбаша дереккөздер тобына жататын басылымдар, соның ішінде ғасыр басында дүниеге келіп, қысқа және ұзақ ғұмыр кешкен баспасөз өнімдері ұлт тарихына қатысты көптеген деректерге ие.

Мақалада XX ғасыр басында шыққан газеттер мен журналдар мәдени, білім беру және қоғамдық-саяси бейнені беретін маңызды тарихи дереккөздер ретінде қарастырылады. Тек баспа мәдениетінің ескерткіші ғана емес, тарихи оқиғалардың құжаттық дәлелі ретіндегі қызметіне айрықша мән беріледі. Қоғамдық пікірталас пен ойды дамыту алаңына айналған ұлттық баспасөзге назар аудара отырып, сақталған басылымдардың мәдени мұраның бірегей ескерткіші екенін көрсетеді.

ҚР Ұлттық орталық музейі қорындағы XX ғасырдың басында шығып отырған мерзімді жарияланымдарға шолу жасай отырып, баспасөздің дәуірдің негізгі оқиғаларын жариялау, білім беру идеяларын тарату, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі талданады. Жарияланымдар музей қорының маңызды бөлігі, құнды естелік ретінде қарастырылады. Мақаланың маңыздылығы – «Айқап», «Шолпан», «Абай» журналдары, «Тілші» газетіндегі мақалалардың қазақ қоғамын жаңғырту тарихы бойынша негізгі дереккөз ретіндегі ақпараттық әлеуеті мен құжаттық құндылығы айқындалады. Талдау негізінде мерзімді басылымдардың қоғамдағы рухани, мәдени және саяси-әлеуметтік өмірдің өзгеруін көрсететін рөлі ашылады.

Бұл басылымдардың ғылыми және деректанулық құндылығы жоғары деген қорытындыға келеді. Мақала араб әліпбиін (төте жазу) арнайы үйренбеген зерттеушілерге дереккөз іздеуде көмекші болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыс барысында ҚР Ұлттық орталық музейі қоры, ҚР Ұлттық кітапханасы материалдары, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар» ғылыми каталогы (Алматы, 2011), қазақ баспасөзі жайлы ғылыми жарияланымдар басшылыққа алынды. Зерттеу әдіснамасы ретінде жүйелі тәсіл, іріктеу, және талдау қолданылды.

Тірек сөздер: Мерзімді басылым, газет, журнал, музей қоры, мәдени мұра, тарихи дереккөз.

Сілтеме жасау үшін: Орынбекова Ж.А. ҚР Ұлттық орталық музейі қорындағы XX ғ. басындағы мерзімді басылымдар: тарихи жады мен деректік мұра // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), 5-13 бб. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.01

ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ НАЧАЛА XX ВЕКА В ФОНДЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРАЛЬНОГО МУЗЕЯ РК: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И ДОКУМЕНТАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ

Ж.А. Орынбекова
Национальный центральный музей РК (Казахстан)

Аннотация. Изучение периодических изданий начала XX века как источника обогащения нашей истории и использование их в качестве исторического источника позволяет более глубоко исследовать данный период. Издания, относящиеся к группе письменных источников, в том числе печатная продукция, появившаяся в начале века и просуществовавшая недолгое или продолжительное время, содержат множество сведений по истории нации.

В статье газеты и журналы, выходившие в начале XX века, рассматриваются как важные исторические источники, отражающие культурную, образовательную и общественно-политическую картину. Особое значение придается их функции не только как памятника печатной культуры, но и как документального свидетельства исторических событий. Сосредоточивая внимание на национальной прессе, ставшей площадкой для развития общественной мысли и дискуссий, показывается, что сохранившиеся издания являются уникальным памятником культурного наследия.

На основе обзора периодических изданий начала XX века, хранящихся в фонде Национального центрального музея РК, анализируется роль прессы в освещении основных событий эпохи, распространении просветительских идей и формировании национальной идентичности. Публикации рассматриваются как важная часть музейного фонда, ценная реликвия. Значимость статьи заключается в выявлении информационного потенциала и документальной ценности статей журналов «Айқап», «Шолпан», «Абай» и газеты «Тілші» как основных источников по истории модернизации казахского общества. На основе анализа раскрывается роль периодических изданий в отражении изменений духовной, культурной и общественно-политической жизни общества.

Делается вывод о высокой научной и источниковедческой ценности данных изданий. Статья будет полезна исследователям, не изучавшим специально арабский алфавит (төте жазу), при поиске источников.

Материалы и методы исследования. В ходе работы использованы материалы фонда Национального центрального музея РК, Национальной библиотеки РК, научный каталог «Редкие рукописи и издания в фондах Центрального государственного музея Республики Казахстан» (Алматы, 2011), а также научные публикации о казахской прессе. В качестве методологии исследования применялись системный подход, отбор и анализ.

Ключевые слова: Периодическое издание, газета, журнал, музейный фонд, культурное наследие, исторический источник.

Для цитирования: Орынбекова Ж.А. Периодические издания начала XX века в фонде Национального центрального музея РК: историческая память и документальное наследие // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), с. 5-13. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.01

EARLY 20TH-CENTURY PERIODICALS IN THE COLLECTION OF THE NATIONAL CENTRAL MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: HISTORICAL MEMORY AND DOCUMENTARY HERITAGE

Zh.A. Orynbekova
National Central Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The study of periodicals of the early XX century as a means of enriching our history and their use as historical sources makes it possible to investigate this period more deeply. Publications belonging to the group of written sources, including printed publications that appeared at the beginning of the century and existed for a short or long period, contain a great deal of information related to the history of the nation.

The article considers newspapers and journals published in the early XX century as important historical sources reflecting the cultural, educational, and socio-political landscape. Particular attention is paid to their function not only as monuments of print culture but also as documentary evidence of historical events. Focusing on the national press, which became a platform for the development of public thought and discussion, the article demonstrates that preserved publications are unique monuments of cultural heritage.

Based on a review of periodicals from the early XX century preserved in the collections of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, the role of the press in covering the major events of the era, disseminating educational ideas, and shaping national identity is analyzed. Publications are regarded as an important part of the museum collection and as valuable relics. The significance of the article lies in identifying the informational potential and documentary value of articles published in the journals «Айқап», «Шолпан», «Абай» and the newspaper «Тілші» as key sources on the history of the modernization of Kazakh society. Based on the analysis, the role of periodicals in reflecting changes in the spiritual, cultural, and socio-political life of society is revealed.

The study concludes that these publications possess high scientific and historical source value. The article will be useful for researchers who have not specifically studied the Arabic alphabet (töte script) in their search for sources.

Research materials and methods. The study is based on materials from the collections of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, the National Library of the Republic of Kazakhstan, the scientific catalog Unique Manuscripts and Publications in the Collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Almaty, 2011), and scholarly publications on the Kazakh press. The research methodology includes a systematic approach, selection and analysis.

Keywords: Periodical publication, newspapers, journal, museum collection, cultural heritage, historical sources.

For citation: Orynbekova Zh.A. Early 20th-century periodicals in the collection of The National Central Museum of the Republic of Kazakhstan: historical memory and documentary heritage // MUSEUM.KZ. 2026. №3 (15), pp. 5-13. DOI: 10.59103/muzkz.2026.15.01

Кіріспе. XX ғасырдың басы қазақ халқының тарихында күрделі саяси-әлеуметтік қақтығыстармен ерекшеленетін бетбұрыс кезең саналады. Осы аумалы-төкпелі кезеңде мерзімді баспасөз қоғамдық сананы қалыптастырудың негізгі құралына айналды. Білім беру мен мәдениеттің дамуы, әлеуметтік өзгерістер, жаңғыру үдерістері сол кездегі мерзімді баспасөзде көрініс тапты. Жарияланымдарды тарихи дереккөз ретінде пайдалану қарастырылып отырған кезеңдегі тарихымызды тереңірек зерттеуге септігін тигізеді. Себебі ел тарихының жазбаша дереккөздер жиынтығына жататын мерзімді басылымдар ұлт тарихына қатысты көптеген деректерді қамтуымен ерекшеленеді. Журналдар мен газеттер болып жатқан оқиғалар жайында ақпар бере отырып, қоғамда жаңа идеялардың таралуына ықпал етті, әлеуметтік көзқарас тудырды, ұлттық бірегейліктің нығаюына әсер етті.

Қазіргі уақытта XX ғасырдың басындағы газеттер мен журналдардың сақталған даналары ерекше құндылыққа ие. Бұл нұсқалар дәуірге тән саяси, әлеуметтік және мәдени

көріністі қайта қарауға, әлеуметтік ойдың дамуын бақылауға және халықтың тіршілік ерекшеліктерін анықтауда зерттеушілер үшін ерекше маңызды. Өйткені әрбір басылым – өз заманының материалдық куәлігі. Мақаланың мақсаты – музей қорындағы XX ғасырдың басындағы газеттер мен журналдарды тек ақпарат тасымалдаушысы ретінде ғана қабылдамай, олардың тарихи естелікті сақтаудағы рөлін анықтау.

Нәтижелерді талқылау. Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қорында заманның шынайы куәгерлері болып табылатын түпнұсқа басылымдар сақталған. «Айқап», «Абай», «Әйел теңдігі» журналдары, «Тілші» газеті дереккөз ретінде сол уақыттағы ахуалды жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. Басылымдардағы материалдардың ресми құжаттардан айырмашылығы мұнда замандастарының сан алуан әлеуметтік үдерістерге пікірлері, бағалары ауқымды көрсетіледі.


XX ғасырдың басында қазақтілді баспасөз белсенді дамыды. Өзекті мәселелерді талқылаған елеулі басылымдардың ішінде «Айқап» журналы ерекше орын алды. Журнал беттерінде әлеуметтік даму, жер қатынастары, мәдениет, білімге қатысты мәселелер талқыланды (сурет 1). Деректану тұрғысынан алғанда, журнал – қазақ қоғамының көшпелі өмірден отырықшы өмірге өтпелі жағдайын тіркейтін құжат.



Сурет 1. КП 15906. «Айқап» журналының №1 саны
(ҚР Ұлттық орталық музейінің қорынан)

Музейде «Айқап» журналының №1 саны сақталған. Араб әріптерімен қазақ тілінде (төте жазу) басылған. Ол Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында басылған. Өлшемі: 15,5х22,2 см, 12 бет. Онда мәтіндер екі бағанаға тізіліп жазылған. Алғашқы 4 бетте оқырмандарға арналған алғысөз басылған. Мұхамеджан Сералин «Бұл сөздер Крафт деген ғалымның «Принятие киргизами русского подданства» деген кітабынан алынып жазылды» деп көрсеткен. Журналдың бұл санында «Қазақ қай заманда Русияға қараған» атты мақала, «Басқарушыға келген хаттар», «Білім бабынан», «Қазақ рулары жайынан», «Одан-бұдан», «Әзіл сөздер» деген материалдар жарияланған. Соның ішінде «Одан-бұдан» айдарында егін, пішен кезінде көбейіп, зиян келтіретін тарақ құйрыққа қарсы күресу амалы анық жазылған.

Басылымдардағы материалдар тарихқа замандастар көзімен қарауға, қоғамдық дамудың ерекшеліктерін анықтауға, түрлі әлеуметтік топтардың көңіл-күйін түсініп, көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Тәлім-тәрбиелік идеялардың таралуына, қоғамдық ойдың дамуына ықпал етті. Солардың бірі «Абай» журналы (сурет 2).



Сурет 2. КП 25237/1. «Абай» журналының №3 саны
(ҚР Ұлттық орталық музейінің қорынан)

Мұхтар Әуезов жұмысына белсене ат салысқан «Абай» журналының №3 (Сейсенбі. 20 март 1918) және №9 (22 тамыз 1918) сандары Жүсіпбек Аймауытовтың редакторлығымен Семей қаласында араб әріптерімен қазақ тілінде (төте жазу) басылған. Бастырушы: Уақ қарыз серіктестігі.

Басылым ұлттық мәдениет, әдебиет, білім беру мәселелеріне арналған алғашқы қоғамдық және әдеби журнал болды. Журналда қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы мақалалар маңызды орын алды. Әдеби тілдің дамуына, ұлттық мәдени болмыстың қалыптасуына үлес қосқан еңбектер дәстүрлі мәдениет пен жаңа әлеуметтік үдерістер арасындағы дәнекер қызметін атқарды.

Журналдың №3 санында «қазақ зиялыларының бірнеше мақала, өлеңдері, басылған. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Социализм» (1-4 б.), А.М. Мадияр «Алашқа» (4-5 б.), «Философия жайынан» (6-8 б.), «Әдебиет» (8-9 б.), Сәбит Мұқанов «Қазақ әйелдері туралы» (10-11 б.), «Алаштың алғашқы құрбанына» (12 б.), Бейімбет Майлин «Тұңғыш құрбан» (11-12 б.), Саид Баттал Мұстафа «Имам ғазалы» (13-14 б.), М. Нұрғанбай «Бірлік» қауымы кіндік кеңесінің съез шақырушы комиссия мүшелерінің үндеуі (15 б.). «Қожа Хафиз сөзінен» (16 б.), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Неге жасаймын?» өлеңі (16 б.). Кейбір авторлардың аты-жөндері жазылмаған» [Каталог, 2011: 81].

Кезекті №9 санында (сурет 3) «Қазақ қашан жетіледі?», «Сиясат һауасы», «Қазақтың қазіргі күйі», «Денсаулық», «Басқармадан», «Һәм басқалар» тақырыбындағы мақалалармен қатар ұлттың мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқаратын шығармалар жарияланған. «Өлең», «Қайран елім-ай», «Ғашықтық», «Медғат-Қасым» поэмасы сынды туындылар ұлттық рухани мұраның сақталуына негіз болды.



Сурет 3. КП 25237/1. «Абай» журналының №9 саны
(ҚР Ұлттық орталық музейінің қорынан)

Әлеуметтік-саяси ақпараттан басқа, газеттер мен журналдар тарих, этнография, әдебиет және фольклор бойынша материалдар жариялады. Осылайша, олар ұлттың мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқарды. Бұл басылымдарда қазақ жазушылары мен ақындарының шығармалары, сондай-ақ халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және тарихи оқиғалар туралы материалдар жарияланды. Бүгінгі таңда XX ғасырдың басындағы көптеген баспасөз материалдары мәдениет зерттеушілері үшін құнды дереккөздер болып табылады. Мерзімді басылымдар әдеби тілдің дамуына және ұлттық мәдени бірегейліктің қалыптасуына үлес қосты. Олар дәстүрлі мәдениет пен жаңа әлеуметтік үдерістер арасындағы байланыстырушы буын қызметін атқарды.

«Шолпан» журналы 1922–1923 жылдары Ташкентте жарық көрді және қазақ қоғамдық пікірінің маңызды құралына айналды (сурет 4). Ол халықтың рухани мұрасы мен мәдени ерекшелігін сақтауға ұмтылған ұлттық зиялы қауым өкілдерін біріктірді. Журналда әдеби шығармалар, журналистік мақалалар, тіл, білім беру және мәдениет туралы материалдар жарияланды. Өзін-өзі тануды дамытуға және тарихи жадты сақтауға ерекше назар аударылды. Зерттеушілер журналдың қазақ қоғамының рухани бағдарын қалыптастыруда және ұлттық журналистиканы дамытуда маңызды рөл атқарғанын атап өтеді. «Шолпан» жарияланымдары арқылы білім беру, қоғамдағы әйелдердің мәртебесі, ұлттық тәрбие және мәдени даму мәселелерін қозғайтын жанрлар мен тақырыптардың кең ауқымын қамтыды.



Сурет 4. КП 25237/4. «Шолпан» журналы. №1-2.
(ҚР Ұлттық орталық музейінің қорынан)

Музей қорына 1994 жылы сый ретінде өткізілген «Шолпан» журналының №2-3 сандары Ташкент қаласында 1923 ж. жарық көрген. Араб әріптерімен қазақ тілінде (төте жазу) басылған. Өлшемі: 15,5х26,1х1,5 см. Қағаз, қара сия, баспа. Редакторы Тоқтыбаев.

«Ғұмыры қысқа болған журнал өз қал-қадірінше ағартушылық жұмыс жүргізіп, жаңалық жаршысы, жалпы білім беруші мектеп әрі қоғам пікірін қалыптастырушы және жарқын болашаққа қол жеткізуге көмекші күрес құралы бола білді. Журналдың сол кезде қоғамды алаңдататын мәселелердің барлығын қамтуға тырысқан. Көпшілікті экономикалық мәселелерді түсінуге бағыттап, қазақ тілінің заңдылықтарын түсіндіру мен зерттеу, шаруашылық, салық мәселелері халыққа білім берудің көрінісі ретінде дәлел бола алады» [Есенқарақызы, 2015: 11].

Журналдың бұл саны «Саяси һәм жалпы бөлім», «Халық ағарту һәм шаруа бөлімі», «Әдебиет бөлімі», «Білім бөлімі», «Әр түрлі» деп аталған бөлімдерден тұрады. Шаруашылыққа байланысты бөлімде Шағыршаның «Түркістанда мал шаруасының осы күнгі жайы һәм оның ілгері басуы», Санжар Асфендияровтың «II Кеңестер тобы һәм ауыл шаруашылығы» деген атпен шаруашылық ахуалын сипаттайтын мақалалар басылған. Мұхтар Әуезовтың «Оқыған азамат» әңгімесі, Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт» жыры, Жаяу салдың «Қыр суреттері» әңгімесі «Әдебиет бөлімінде» қамтылған. «Білім бөлімінде» Халел Досмұхамедовтың «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы», Қоңырдың «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» сыны мақаласы жарияланған. Кейбір авторлар аты-жөндерін толық жарияламаған. Сақталған журналдар ескі, мұқабасы жоқ, парақтары сарғайған, кірлеген. Бірінші бетінде басқарманың мекен-жайы, журналға жазылу бағасы берілген.

Журналдағы білім және ағарту мәселелеріне арналған материалдар ерекше қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, онда ауыл шаруашылығын дамыту, жер, су мәселелері талқыланды.

Қоғамдық-саяси ақпараттармен қатар тарих, этнография, әдебиет туралы мақалалар жарияланды. Осылайша, олар ұлттың мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқарды. Бұл басылымдарда қазақ жазушылары мен ақындарының шығармалары, сондай-ақ, ұлтымыздың дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихи оқиғалар жайында материалдар ұсынылды.

Музей қорында 7 саны сақталған «Әйел теңдігі» журналы XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ мерзімді басылымдары тарихында ерекше орын алады. Оның пайда болуы әлеуметтік жаңғыру үдерістерімен және қазақ әйелдерін білім беру, мәдени және қоғамдық-саяси өмірге тартуға деген ұмтылыспен байланысты болды. Отбасылық қарым-қатынас, ағартушылық, әйелдердің әлеуметтік мәртебесі және олардың қоғамдық өмірге қатысуы мәселелерін талқылау журналдың басты мақсат-міндеттері ретінде айқындалды. «Сондай-ақ, қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілігі, қалыңмал, ағарту саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері және тағы басқа әйелдерге қатысты тақырыптарды көтере білді» [Смағұлова, 2011: 87].

Әлеуметтік және құқықтық талаптарды түсіндіру, қазақ әйелдерін оқыту мақсатында сауаттылық, білім, қалым, әмеңгерлік, көп әйел алушылық және әйелдердің құқықтарын шектейтін басқа да мәселелерге қатысты ақпараттық және талдамалық материалдар үнемі жарияланып отырды. Бала тәрбиесі, денсаулық сақтау, отбасылық мәдениет, әйелдердің қоғамдық өмірге араласу мәселелеріне көңіл бөлінді. «Журналдағы материалдар «Жалпы бөлім», «Біздің жұмысымыз», «Дені саудың жаны сау», «Әдебиет бөлімі», «Шаруашылық бөлімі», «Заң бөлімі» сияқты тұрақты айдармен және «Өнер-білім табысы», «Тілшілер хатынан», «Қызметкер әйелдердің ескермелері», т.б. бөлімдерге топтастырылған» [Орынбекова, 2024: 69].

Жетісу губернелік партия кеңесі комитеттерінің тілі «Тілші» газетінің 1923 (Саны 60. Сентабір 18. Доңыз. 1342. Сейсенбі), 1924 (Дүйсенбі. 18-нші Ағұс. 1924-нші жыл. Бұл санда 10 бет № 128) және 1927 (Нөмір 299. 1927-жыл. Қоян. Бейсенбі Ағұстың 18-і) жылдары шыққан 3 саны музей қорында сақталған (сурет 5).



Сурет 5. КППМ 2344. «Тілші» газеті. №299.
(ҚР Ұлттық орталық музейінің қорынан)

«Тілші» газеті кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңіндегі ең көрнекті мерзімді басылымдардың бірі болды. Оның беттерінде экономикаға, әлеуметтік-саяси өзгерістерге, ағартушылыққа, мәдениетке арналған материалдар жарияланды. Қазақ қоғамының жаңғыруын, сауатсыздыққа қарсы күресті, зиялы қауымның қоғамдық өмірге қатысуын көрсететін басылымдар ерекше маңызға ие болды. Газет мәдени-ағарту ұйымдарының қызметін үнемі жариялап, әдеби шығармалар мен сараптамалық мақалалар жариялап отырды. Газет беттеріндегі ақпараттық ресурстар зерттеушілерге XX ғасырдағы өзгерістер аясында қоғамдық пікірдің қалыптасуы мен ұлттық сананың өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді.

Таралымы 2000 дана болған №60 (1923 жылы ГОМХ баспаханасында жарық көрген) саны 4 парақ, 8 беттен тұрады, араб әріптерімен қазақ тілінде (төте жазу) басылған. Парақтары сарғайған, жыртылған.

Бұл санда «Баспасөз», «Ауыл шаруа салығы һәм сауда туралы», «Жетісудағы жер мәселесі», «Оқу маусымы жетті», «Сыртқы хабарлар», «Жетісудағы мұсылманша баспасөз тарихы», «Бұйрық-жарлықтар», «Еңбекшіл тілшіге», «Жетісудағы сот мәселесі», «Соқырлықтан құтылатын» айдарымен берілген мақалалар қамтылған.

1924 жылы 18 тамызда Жетісу бөлімінің жергілікті шаруашылығының баспаханасында шығарылған №128 саны 10 беттен тұрады. Жауапты шығарушы Сара Есова болған. Таралымы 700 дана. Газетте «Құтты болсын айтамыз», «Екі жол», «Баспасөз һәм ауыл», «Кеңес құрылысы мен газет», «Соңғы хабарлар», «Жетісудағы кооперация құрылысы», «Салт қылмыс», «Ленин арасында Ленин жинағы», «Партия тіршілігі», «Жетісудағы мұсылман баспасының тарихы», «Баспаханадағы қыр қазағы», «Халық ағарту жұмысы һәм баспасөз», «Жетісу жергілікті баспасөз өмірінен», «Газет жұмысына жастардың қатысуы керек», «Ленин һәм баспасөз», «Бұйрық, хабарлар» айдарымен берілген мақалалар ерекше қызығушылық тудырады.

Жауапты шығарушы Сабыр Айтқожаұлы болған №299 (1927) санының таралымы 1800 дананы құраған. «Құттықтаулар», «Тілшінің алдағы міндеті», «Тілші газетінің 5 жылдық тойына келген құттықтаулар», «Бес жылдан есеп», «Қазақстандағы басылатын газет, журналдар», «Еңбек ерлері», «Газет қалай шығады», «Өркенің өссін», «Алматы үйездік жастар газетінен», «Қазақстандағы темір жол жұмысы», «Ел хабарынан», «Тілші мен оқушы», «Тілшінің қалам қайраткерлері, агенттері, оқушылары» айдарымен берілген мақалаларда өзекті мәселелерді талқылап, ел болашағы туралы ойларды қалыптастырды.

Газеттер мен журналдар жаңа білім таратты, ел болашағы туралы идеяларды қалыптастырды. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы жарияланымдар

маңызды орын алды. Білім алудың қолжетімділігі, ұлттық кадрларды даярлау, мектептер ашу мәселелері көтерілді. Онда қоныстандыру саясаты, жер мәселесі, ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері де тыс қалмаған.

Қорытынды. Музейдегі экспонаттық жиынтық тарихи дереккөздердің бірегей кешенін білдіреді. Әрбіреуі ақпаратты тек қана жарияланған материалдар ғана емес, сонымен бірге басып шығаруы, дизайны арқылы да сақтайды. Музей қорындағы газеттер мен журналдарды зерттеу арқылы мерзімді басылым дизайнының эволюциясын бақылау, типографиялық ерекшеліктер мен баспа тәжірибесін анықтау, сол кезеңдегі өзекті әлеуметтік, экономикалық мәселелердің ауқымын анықтау мүмкіндігі туады. Басылымдардың таралу кеңдігі, пайдаланылуы туралы мәліметтерді қалпына келтіруге көмектеседі. Бұл түпнұсқалар тарихи мұраның материалдық құрамдас бөлігін сақтай отырып, өткенді жан-жақты зерттеуге жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар. Ғылыми каталог. Иллюстрацияланған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Алматы:«Өнер», 2011. 328 б.

Аллаберген Қ. Тарих және баспасөз. Алматы: «Білім», 2011. 256 б.

Есенқарақызы Х. «Шолпан». Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2015. 475 б.

Смағұлова С.О. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30жж.). Алматы: «Елтаным» баспасы, 2011. 432 б.

Орынбекова Ж. «Әйел теңдігі» журналы мақалаларына жалпымазмұндық сипаттама (ҚР МОМ материалдары негізінде) //«Museum.kz.» Алматы, №3(7) 2024. 66-71 бб.

Нұсқабайұлы Ж. Аллаберген Қ. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. Алматы: Рауан, 1997. 256 б.

REFERENCES

Qazaqstan Respublikasy Memlekettik Ortalyq Muzei qoryndagy biregei qoljazbalar men basylymdar. Gylymi katalog. Almaty: «Oner», 2011. 328 p. (In Qazaq, Russian, English)

Allabergen, Q. Tarih jäne baspasöz. Almaty: Bilim, 2011. 256 p. (In Qazaq)

Yesenqaraqyzy, Kh. «Sholpan». Almaty: Qazaqparat Publishing House, 2015. 475 p. (In Qazaq)

Smagulova, S.O. Qazaq merzimdi baspasözi: shyǵu tarihy men derektik maǹyzy (XX c. 20–30.). Almaty: Yeltanym Publishing House, 2011. 432 p. (In Qazaq)

Orynbekova, Zh. Áıel teñdigi zhurnaly maqalalaryna jalpymazmundyq sipattama (QR MOM materialdary negizinde). Museum.kz., №3(7), Almaty, 2024. Pp. 66–71. (In Qazaq)

Nusqabaiuly, Zh., Allabergen, Q. Köne basylymdar. Qundy derekter. Ayauly esimder. Almaty: Rauan, 1997. 256 p. (In Qazaq)

Автор туралы мәлімет: Орынбекова Жанна Аманғазықызы – Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің кіші ғылыми қызметкері (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан). E-mail: jorynbekova@mail.ru.

Сведения об авторе: Орынбекова Жанна Амангазиновна – младший научный сотрудник Национального центрального музея Республики Казахстан (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан). E-mail: jorynbekova@mail.ru.

Information about the author: Zhanna A. Orynbekova – junior researcher of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan (050051, Almaty, Samal-1/44, Kazakhstan). E-mail: jorynbekova@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.08.2026.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 28.08.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 02.09.2026